

Райма Ауесхан¹, Әрлен Берікұлы Сейтбатқал^{2*}¹философия докторы (PhD), Ка' Фоскари университеті, Италия, Венеция қ.,
ORCID: 0000-0003-1415-1953 E-mail: raima.auyeskhan@unive.it^{2*} автор-корреспондент, докторант, Әл-Фараби атындағы атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0008-0821-8473 E-mail: arlen242730@gmail.com**ЖЕТИСУ ТОПОНИМДЕРІНІҢ МОҢҒОЛ ҚАБАТЫНА
ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Аңдатпа. Жетісу топонимиясында моңғол тілінен енген жер-су атаулары өзіндік жүйе түзіп, дербес бір қабатқа айналған. Мақалада Жетісу өңірінде кездесетін моңғол тіліндегі жер-су атаулары тарихи үш кезеңмен байланыстырылады. *Бірінші кезең:* түркі-моңғол тіл бірлестігі тұсында қалыптасқан топонимдік атаулар; *екінші кезең:* моңғол шапқыншылығы кезінде енген топонимдер; *үшінші кезең:* Жетісудағы жоңғар үстемдігі тұсында қалыптасқан топонимдер. Ойрат тайпаларының Жетісу жерінде бір ғасырға жуық мекендегені тарихтан жақсы мәлім, сол себептен қазақ-жоңғар қарым-қатынастарына, олардың арасындағы тілдік байланыстарға арнайы назар аударылады. Бұл зерттеуіміз қазақ жеріндегі моңғол топонимдерінің тарихын қарастырғанда *үшінші кезеңге* айрықша көңіл бөліп, айрықшалап көрсетуімен ерекшеленеді. Мақалада Жетісу өңірінің топонимдер жүйесінде өзіндік орын алатын осы тарихи қабаттардың жер-су атауларындағы көрінісі талданады. Зерттеу аталған үш кезеңде қалыптасып, бүгінге дейін сақталған, мағынасы моңғол тілі арқылы айқындалатын жер-су атауларын жинақтап, талдауды, сонымен қатар олардың мағынасы, қойылу уәжділігін анықтауды мақсат етеді. Аталған кезеңдердегі тарихи оқиғалар Жетісу топонимдер қатарына өзгерістер әкелгені сөз етіледі. Мақалада салыстырмалы-тарихи әдіс, реконструкция әдісі, құрылымдық әдіс, яғни сөзжасамдық, топонимжасамдық әдістер қолданылды. Сондай-ақ жер-су атауларының тарихын анықтау барысында ел аузындағы аңыздар мен әңгімелер де зерттеу материалы ретінде пайдаланылды. Моңғол тілді этностардың қазақ жеріне келіп, біршама тұрақтауына байланысты моңғол жер-су атаулары қазақ тіліне енген. Зерттеу нәтижесінде моңғол тіліндегі жер-су атауларының Жетісу өңірінің топонимдер жүйесіне ықпал-әсері анықталып, алатын орны айқындалды.

Тірек сөздер: Жетісу өңірінің топонимдері; моңғол қабаты; Қазақ хандығы; Жоңғар хандығы; қазақ тілі; ойрат тілі; моңғол тілі.

Сілтеме жасау үшін: Ауесхан Р., Сейтбатқал Ә.Б. Жетісу топонимдерінің моңғол қабатына тарихи-лингвистикалық талдау. *Tiltany*, 2026. №2 (102). 106-121-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-106-121>**Райма Ауесхан¹, Арлен Берікұлы Сейтбатқал^{2*}**¹доктор философии (PhD), университет Ка' Фоскари, Италия, г. Венеция,
ORCID: 0000-0003-1415-1953 E-mail: raima.auyeskhan@unive.it^{2*} автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0008-0821-8473 E-mail: arlen242730@gmail.com**ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ
МОНГОЛЬСКОГО СЛОЯ ТОПОНИМОВ ЖЕТИСУ**

Аннотация. В топонимии Жетысу географические названия монгольского происхождения образуют особый, структурно целостный пласт. В статье монголоязычные топонимы региона рассматриваются в рамках трёх исторических этапов: 1) периода тюрко-монгольского языкового единства, в течение которого сформировались архаические топонимы; 2) эпохи монгольского нашествия, сопровождавшейся возникновением новых географических номинаций; 3) периода джунгарского господства в Жетысу, оставившего заметный след в топонимической системе региона. Учитывая почти столетнее пребывание ойратских племён на территории Жетысу, особое внимание уделяется казахско-джунгарским взаимоотношениям и характеру языковых контактов между населением региона. Новизна исследования заключается в том, что при изучении истории монгольских топонимов на территории Казахстана особое внимание уделяется третьему историческому периоду. В статье анализируется отражение каждого из указанных исторических слоёв в современном топонимическом пространстве Жетысу. Цель исследования состоит в сборе и анализе топонимов, возникших в течение трёх обозначенных периодов, сохранившихся до настоящего времени и объясняемых на основе монгольского языка, а также в определении их семантики и мотивов номинации. Отмечается, что исторические события соответствующих эпох оказали существенное влияние на формирование топонимической системы Жетысу. В работе использованы сравнительно-исторический, реконструктивный и структурный методы, а также методы словообразовательного и

топонимообразовательного анализа. При реконструкции истории отдельных топонимов учитываются данные устных преданий и локальных нарративов. В результате переселения монголоязычных этносов на казахские земли и их длительного проживания на данной территории топонимы монгольского происхождения вошли в состав казахской топонимической системы. В статье определяется степень влияния монгольского топонимического пласта на топонимию Жетысу и его место в историко-географической картине региона. Результаты исследования позволили установить роль и значение монгольских топонимов в формировании топонимической системы Жетысу.

Ключевые слова: топонимы Жетысуского региона; монгольский слой; Казахское ханство; Джунгарское ханство; казахский язык; ойратский язык; монгольский язык.

Для цитирования: Ауесхан Р., Сейтбаткал А.Б. Историко-лингвистический анализ монгольского слоя топонимов жетысу. *Tiltany*, 2026. №2 (102). С. 106-121. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-106-121>

Raima Auyeskhani¹, Arlen Seitbatkal^{2*}

¹Doctor of Philosophy (PhD), Ca' Foscari University, Italy, Venice,

ORCID: 0000-0003-1415-1953 E-mail: raima.auyeskhan@unive.it

^{2*}Corresponding Author, Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0009-0008-0821-8473 E-mail: arlen242730@gmail.com

THE MONGOLIAN TOPONYMIC LAYER IN ZHETYSU: A HISTORICAL AND LINGUISTIC ANALYSIS

Abstract. The toponyms of Zhetysu contain a distinct and structurally coherent layer of geographical names of Mongolian origins. This paper investigates the region's Mongolic toponyms across the three key historical phases: (1) the period of Turkic-Mongolic linguistic convergence, which produced archaic toponymic forms; (2) the Mongol conquest, marked by the introduction of new place names; and (3) the Jungar rule in Zhetysu, which left a lasting imprint on local nomenclature. Given the nearly century-long presence of Oirat tribes in the area, particular attention is devoted to Kazakh-Jungar relations and the linguistic interactions that shaped their contact zone. This study aims to highlight the importance of the Kazakh-Jungar linguistic contact that is crucial for the analysis of the Zhetysu area. The article shows how each historical layer is reflected in the modern toponymic landscape of Zhetysu. The aim of this study is to collect and analyse place names of Mongolian origin that emerged during the three periods mentioned and have survived to the present day. Our aim is an attempt to determine their meanings and the reasons for their emergence. The research highlights that historical developments within these periods contributed to changes in the region's toponymic corpus. The article employs the comparative-historical method, the reconstruction and the structural method. Methods of word and toponym formation are used as well. Oral tradition and local narratives are incorporated to aid in reconstructing the origins of specific place names. Findings demonstrate that extended contact with Mongolic-speaking populations resulted in the integration and subsequent adaptation of numerous Mongolian toponyms into the Kazakh language. Ultimately, the study assesses the scope and character of the Mongolian toponymic stratum's influence on Zhetysu's toponymic system, evaluating its significance within the region's broader historical and geographical context. The study identified the influence and role of Mongolian place names on the toponymic system of the Zhetysu region.

Keywords: Zhetysu toponyms; Mongolian toponymic layer; Kazakh Khanate; Dzungar Khanate; Kazakh language; Oirat language; Mongolian language.

For citation: Auyeskhan, R., Seitbatkal, A. The Mongolian Toponymic Layer in Zhetysu: a Historical and Linguistic Analysis. *Tiltany*, 2026. No.2 (102). Pp. 106-121. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-106-121>

Кіріспе

Қазақ ономастикасында моңғол тілінен енген жер-су атауларын екі топқа жіктеп қарастыру қалыптасқан: 1) *түркі-моңғол тіл бірлестігі заманында жасалған атаулар*; 2) *XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығынан кейін енген атаулар*. Алайда біздің зерттеуімізде XVII – XVIII ғасырда Жетісудағы ойрат тайпалары үстемдігі өңір топонимиясында айрықша із қалдырғандықтан, жоғарыдағы жіктемеге, үшінші, XVII – XVIII ғасырдағы *жоңғар билігі тұсында қалыптасқан атаулар* деген топты қосып, арнайы қарастыруды жөн көрдік. Осы аталған тарихи кезеңді негізге ала отырып, Жетісу өңірі топонимиясындағы моңғол қабатын төмендегідей топтастыруымызға тура келді:

- 1) түркі-моңғол тілдеріне ортақ топонимдер;
- 2) XIII ғ. моңғол шапқыншылығынан кейін енген топонимдер;
- 3) XVII – XVIII ғғ. ойрат этнотілдік ерекшеліктеріне байланысты қойылған топонимдер.

Бұндағы бірінші топқа түркі тілдерінде де, моңғол тілдерінде де мағынасының

күнгірттеніп, айқындалуы күрделі *Быжы*, *Шажса* тәрізді атаулардың да бар екені байқалды (Конкашпаев, 1959: 86). Бұл топ түркі-моңғол тілдерінің жігі ажырамаған, Алтай дәуіріне сәйкес келеді. Сонымен бірге мағынасы түркі тілдерінде де, моңғол тілдерінде де сақталған *Аңырақай*, *Арғанаты*, *Мұқыр*, *Қапшағай* секілді атаулар тобы да осы қатарға жатқызылады (Әбдірахманов, 1975: 32).

Қазақ тіл білімінде *моңғол тілі* деген жалпылама ұғым қалыптасып, қолданылып жүр. Ал моңғол тілдері деген тілдік топтың атауын да назарда ұстауымыз керек. Моңғол тілдері тобын *ойрат*, *халх*, *бурят*, *хамниган*, *дағур*, *ордос*, *қалмақ*, *моғол*, *бонан*, *монғул* тілдері құрайды. Қазіргі Моңғолияның ресми тілі халх моңғол тіліне негізделгені белгілі. Сондай-ақ түркі-моңғол тілдерінің тілдік қарым-қатынасы саяси, әлеуметтік және географиялық себептерге байланысты түрлі кезеңдерде әртүрлі болып келгені де мәлім. Тарихта Шыңғыс ханның үстемдігі кезеңінде түркі тілі (Қазақ хандығының құрамына кірген тайпалар тілі) мен моңғол тілінің арасында қарым-қатынас орын алса, кейіннен бұл қатынас жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ тілі мен ойрат тілінің арасында көрініс тапты.

Екінші топ пен үшінші топтың аражігін айқындау үшін моңғол тілдерінің арасындағы айырмашылықты, әсіресе фонетикалық жақтан жалпы моңғол тілі мен ойрат тілінің арасындағы дыбыстық, лексикалық өзгешеліктерді тереңірек зерттеу керек. Осы тұрғыдан аталған ерекшеліктер әлі де толық зерттеуді қажет еткендіктен, әзірше жалпылама қарастыруға тура келді. Дегенмен, біздіңше, өңір топонимдерінде, үшінші кезең, XVII – XVIII ғасырлардағы жоңғар үстемдігі елеулі орын алған. Олай деуіміздің себебі бұл кезеңде бір ғасырға жуық ойрат тайпаларының көшіп-қонғаны туралы нақты тарихи деректер сақталған. Сондықтан мақалада Жоңғар хандығы мен ойрат тайпаларының тарихына, олардың Жетісудағы үстемдігіне, қоныстары мен көшіп-қонған аймақтарының ареалына арнайы мән беріледі. Өйткені тарихи оқиғалардың тілде, оның ішінде, топонимдерде айрықша орын алып, өз ізін қалдыратыны белгілі.

Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде ойрат тілі мен қазақ тілінің тілдік қатынасы басымырақ болғаны белгілі. Ойрат тілі жалпы моңғол тіліне фонетикалық, лексикалық, синтаксистік жағынан жақын болғанымен, Моңғолтекті тілдер кітабындағы ойрат тілі бөлімінің авторы, зерттеуші А. Бирталан, ойрат тіліне Жоңғария мен батыс Моңғолиядағы қазақ, қырғыз, ұйғыр секілді түркі тілдерінің әсер еткенін жазады. Мысалы, *қасық* сөзі *халх* моңғолшада *халбага* болса, ойратшада *хашиг* (Бирталан, 2003: 227).

Моңғол текті этникалық ойрат тайпалары қазақ ру-тайпалары секілді көшпелі өмір салтын ұстанғаны мәлім. Екі халықтың да ұқсас өмір салтын ұстануы олардың тіліндегі ұқсастықты тудырады. Бұл тұрмыс пен шаруашылықтағы ортақтық, олардың тіліндегі жақындыққа әкеледі. Өйткені халық тілі оның өмірі, тұрмыс-салтымен байланысы тым тереңде жататыны белгілі. Сондай-ақ ойрат тайпалары да ерте орта ғасырдағы көшпелі қазақ ру-тайпалары (үйсін, найман, жалайыр т.б.) секілді Жетісу жеріне шығыстан келіп қоныстанған. Бұл көшпелі халықтардың бір географиялық аймақтан шыққанын, көшіп-қонған ареалының жақын шекаралас екенін білдіреді. Жетісу жеріндегі моңғол қабаты туралы сөз еткенде осы тәрізді тарихи ерекшеліктер, көшпелі елдерге тән ортақтықтар мен ұқсастықтар ескеріледі.

1. Тарихтағы қазақ-ойрат қатынасы

Қазақ хандығының күшейіп, қуатты мемлекетке айналған тұсында қалмақ тайпаларының бір бөлігі Қазақ хандығына қарағаны белгілі. Тәуекел хан 1594 жылы орыс еліне жіберген елшілігінде, өзін қазақ, қалмақ ханы деп таныстырады (Бартольд, 1943: 83). Ал жоңғар тайпаларының күшеюі XVII ғасырдың ортасынан басталады. 1640 жылы Батыр қонтайшы құрылтай шақырып, ойрат тайпаларының басын біріктіреді. Дегенмен бұл тұста ойраттардың Жетісу жеріне аяқ басқаны туралы деректер келтірілмейді. Бұл кезеңде қонтайшының қонысы Зайсан көлінен терістікке қарай, Ертіс суының жоғары ағысы деп көрсетіледі.

1670 – 1680 жж. Қалдан-Бошоқтұ (Галдан Бошигт) қонтайшының қазақ, қырғыздармен жүргізген соғыстарының барысында жоңғар тайпалары Жетісу жеріне келіп, біржола иелік ете бастайды. Жетісу жерінде қалған қазақ ру-тайпалары Жоңғар хандығына алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болады. Екі хандықтың арасындағы шайқастардан кейін (1680 ж.) Жетісудағы

ойраттардың үстемдігі дау туғызбайды делінеді. Олардың қазақтармен, қырғыздармен, қытайлармен соғысы бұл аймаққа еш әсер етпеді. Яғни Жоңғар хандығы құлағанға дейін Жетісу ойраттардың құрамында болып қала берді.

Сондай-ақ Қалдан-Бошоқтұ *Іле жазығын* мекен еткен Жоңғар қонтайшыларының ішіндегі ең алғашқысы болды (Дегенмен кейде Ертістің бойын да қыстайтын). Осы кезеңнен бастап, *Іле* бойы, *Құрқарасу* қонтайшының меншігі саналды. Түркі халықтарының ішінде қырғыздар ғана XVIII ғасырда *Ыстықкөлдің* маңында көшіп-қонып жүрді (Бартольд, 1943: 85).

Қалдан-Бошоқтұдан кейін қонтайшы болған Себдан-Рабдан (Цэвээн Равдан) 1717 жылы *Талқы* тауының етегінде, *Қорғасты* қыстаған. Унковкийдің дерегі бойынша 1722 – 1723 жж. қонтайшының ордасы *Іле* өзенінің оңтүстігінде, *Шарын* өзенінен шығысқа қарай бірнеше верст (1 верст = 1,0668 км) жерде болады. Сондай-ақ ол *Тұп*, *Жарғалаң* өзендеріне дейін көшіп-қонып жүрген.

Қалмақтардың әскери және мәдени жетістіктеріне Жоңғар хандығында 20 жылға жуық (1715 – 1733 жж.) тұтқында болған шведтің унтер-офицері Ренаттың ықпалы үлкен болды. Ол еліне оралған соң типография ашып, Жоңғарияның картасын, олардың көшіп-қонған жерлерін сызып шығады. Картада Жетісудағы қалмақтардың иелігі 6 бөліктен құралған. Олардың қонысы негізінен таудың етегінде болған. Ондай ордалар: 1) *Жетісу Алатауында*, *Балқашқа* құятын өзендердің жоғары ағысында орналасты; 2) *Алтынемел* мен *Қойбынның* арасында, *Іледен* солтүстікке қарай, *Көктал* мен *Көктеректің* арасында; 3) *Кегеннің* солтүстік жағалауы мен *Шарыннан* шығысқа қарай *Кетпен* тауының солтүстік жотасына дейінгі аралық; 4) *Шелек* өзенінің бастауы мен сағаларында; 5) *Түптің* жағасында, *Ыстықкөлдің* оңтүстік жағалауында, көлдің батыс шегінде, *Қойсу*, *Ақсу* өзендерінің солтүстік жағалауында; 6) *Үлкен Кебін* жазығында, *Шу* өзеніне құятын өзен сағалары мен, *Қарғаты* өзеніне дейінгі аралық; Қонтайшының негізгі ордасы *Талқы* асуынан оңтүстік-шығысқа қарай, қазіргі *Құлжаның* маңы деп көрсетіледі (Бартольд, 1943: 86).

Себдан Рабданның әскербасыларының ең мықтысы, әрі інісі Цэрэн Дундук *Ленсі* мен *Қаратал* өзендерінің аралығын мекендеген. Жетісудың Қаратал өңірінде Қаратал өзенінің бойында қалмақ молалары көп болғаны жайында И.А. Кастаньенің еңбегінде айтылады (Кастанье, 2007: 358). Бұл осы аймақта қалмақтардың қоныстанғаны жайында жанама ақпарат берсе керек. Осыған сәйкес қалмақтар жиі қоныстанған жерде қалмақ тіліндегі топонимдердің ұшырасып отыруы заңдылық.

Себдан Рабданнан кейін ұлы Қалдан Серен/Галдан Цэрэн (1727 – 1745 жж.) қонтайшы болып тұрғаны мәлім. Қалдан Серен жаз кезінде *Коджигер* (*Қажыгер*) даласын, *Іледен* төмен *Темірлік*, *Кеген*, *Қарқара* мен *Текесуды* мекендесе, қыста *Іле* бойын қыстап шығады. XVIII ғасырдың II жартысында Жоңғар мемлекеті құлаған соң, қазақтар мен қырғыздар Жетісуға, өздерінің ежелгі атақонысына қайтып оралады.

Міне, XVII ғасырдың 80 жж.-нан XVIII ғасырдың 50 жж. дейінгі бір ғасырға жуық уақыт Жетісуда қалмақтардың тұрмыс кешуі өңірдің жер-су атауларына әсер етіп, өз қолтаңбасын қалдырған. Мақалада Жетісу өңірінің топонимдер жүйесінде айрықша орын алатын осы тарихи қабаттың жер-су атауларындағы көрінісі талданып, осы кезеңде қалыптасып, бүгінге дейін сақталған моңғол тіліндегі жер-су атаулары жинақталып, сараланады.

2. Тарихи және географиялық жағдаятқа байланысты тілдік қатынас

Екі халықтың қатар отыруының салдарынан, бір этностың басқа этностың жеріне басқыншылық жасауы олардың тілдерінің арасындағы ауыс-түйіске әкелетіні белгілі. Жетісу өңірінің топонимикасы тұрғысынан айтқанда, XVII – XVIII ғғ. ойрат тайпаларының Жетісуда мекен еткен тұсында пайда болған жер-су атаулары, Жоңғар хандығы құлағаннан кейін де өңірдің топонимдер жүйесінде сақталып, орын алып, бүгінге дейін жетіп отыр.

Жетісудағы ойрат-қазақ тілдерінің араласуы табиғи жолмен жүргені байқалады. Жоңғар тайпалары Жетісуға басқыншылықпен келіп, үстемдік еткенімен, тілдік тұрғыдан ешқандай қысым болмаған. Тарихи еңбектерде аймақта ойрат тілінің үстемдігі, көрсетілген қандай да бір тілдік қысым туралы деректер тіркелмеген. Сол себепті әр халық өз тілінде сөйлеп, өз тілін тұрмыстың барлық саласында еркін қолданды деп байлам жасаймыз. Қазақ, қырғыздар, яғни

жергілікті Жетісу халқы жоңғарлардың үстемдігі кезінде өз тілдерін тастап ойрат тіліне ауысқан жоқ. Оған ешқандай қажеттілік те, мәжбүрлеу де болмады.

1757 жылы Жоңғар хандығы тарих сахнасынан ығысқаннан кейін, олардың тілінің кейбір элементтері, әсіресе, жер-су атаулары *инертті жолмен* сақталып, өңірдің ономастикалық атауларының қатарына орнығып, моңғол тіліндегі топонимдер қабатын түзді. Осы тарихи оқиға Жетісу өңірінің топонимдер жүйесінде аймақтық ерекшеліктердің пайда болуына өзіндік ықпал етті. Аймақ топонимдеріндегі бұндай өзгерістерді географиялық, лингвистикалық факторлардан тыс, экстралингвистикалық факторлар қатарына жатқызамыз. Мақалада осы кезеңде (XVII – XVIII ғғ.) Жетісу жерінде ойрат тайпаларының мекен етуіне байланысты моңғол тілінен қазақ тіліне ауысқан жер-су атаулары талданады. Яғни моңғол тіліндегі жер-су атауларының Жетісу өңірінің топонимдеріне ықпал-әсері анықталып, алатын орны айқындалады. Жоңғар мемлекеттігі жойылып, этнос ретінде қуғындалып, қырғынға ұшырағанымен, олардың біршама бөлігі қазақ жерінде, Жетісуда ұзақ уақыт көшіп-қонып жүрді (Конкашпаев, 1959: 86). Бұл да өз кезегінде Жетісудағы моңғол тіліндегі топонимдердің сақталуына әсер етті.

Сондай-ақ Жетісудағы моңғол топонимдерінің сақталуына, біздіңше, келесі фактор да оң ықпал еткен. XVIII ғасырда орыс елшілері мен офицерлерінің жоңғар қонтайшыларына келіп, олармен тығыз қарым-қатынас жасап, көрген-білгендерін хатқа түсіріп отырғаны белгілі. Сол жазбалар көптеген жоңғар атауларының тіркеліп, ғылыми айналымға енуіне ықпал етті. Бұл атаулар кейінгі кезеңдердегі (XIX – XX ғғ.) орыс, еуропа ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектерінде де кездесіп, жоңғар атауларының бүгінгі күнге дейін жетуіне әсер етті. Яғни, біздің болжам бойынша, кейбір жоңғар атауларының сақталып, бүгінге дейін жетуіне жазба мәдениет, яғни бұл атаулардың қағазға түсуі әсер еткен. Бұл пікірімізді профессор Т. Жанұзақтың сөздігіндегі *Жоңғар Алатауы* атауы Жоңғар хандығы тұсында (XVIII ғ.) орыс және батыс саяхатшыларының жазбаларында *Джунгарский Алатау* боп жазылып, қалыптасып кеткен, деген пікірі дәлелдей түседі (Жанұзақ, 2005: 98).

Материал және әдістер

Мақаланың материалы ретінде Жетісу өңіріндегі мағынасы моңғол тілі арқылы ашылатын топонимдер жинақталып алынды. Өңірдегі кейбір топонимдердің мағынасы қазақ тілінің материалы негізінде ашылмаса, оны басқа тілдік қабаттар арқылы, оның ішінде моңғол тілі қабаты арқылы анықтауға тура келеді. Біріншіден, жер-су атауларының моңғолдық екенін географиялық терминдеріне, аппелятивтеріне қарап ажыратамыз. Оларға, *-нуур/-нор* «көл», *морин* «өзен», *гол* «өзен», уул «тау», *-усун/узун* «су», *-даваа* «төбе, мойнақ», *энгир* «киімнің белбеуден жоғарғы кеуде тұсы», *хангай* «тау, жайлау», *хур* «жауын-шашын», *шил* «төбе, таудың шыңынан кейінгі тегістік / жазық», *хожуур* «ағаштың топырақ астындағы тамыры», *тошин (г)* «мұз үстінен ағатын су». Екіншіден, моңғол тіліндегі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалғаны негізге алынды. Мысалы, моңғол тіліндегі *-тай* жұрнағы бір нәрсенің бар екенін білдіріп, иелік мән мен сын есім тудыратын жұрнақ ретінде жер-су атауларында жиі ұшырасады (*Тарбағатай, Хустай*). Моңғол тіліндегі бұл жұрнаққа қазақ тіліндегі *-ты, -ті* жұрнағы сәйкес келеді. Н. Поппе «Жазба моңғол тілінің грамматикасы» атты еңбегінде аталмыш *-тай* жұрнағын иелік, бір нәрсенің ішінде болуын немесе ие болуын білдіретінін көрсетеді (Рорре, 1964: 44). Сондай-ақ бұл жұрнақ жалпы моңғол тілінде *tA(y)i тәуелдік, иелік мағыналы сын есім жұрнағы деп танылады (Janhunen, 2003: 15).

Мақалада салыстырмалы-тарихи әдіс, реконструкция әдісі, құрылымдық әдіс, яғни сөзжасамдық, топонимжасамдық әдістер қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс моңғол-қазақ тілдерінің топонимдерін салыстыру барысында қолданылды. Атап айтқанда, Жетісу өңірінде кездесетін топонимдердің моңғол және қазақ (түркі) тілдеріндегі нұсқалары мен мағыналары беріліп, олар өзара салыстырылды. Жер-су атауларын талдау барысында олар тарихи оқиғалармен тығыз байланыста қарастырылды. Реконструкция әдісі арқылы кейбір мағынасы түсініксіз топонимдердің байырғы формасын анықтауға тырыстық. Құрылымдық әдіс іріктеліп алынған топонимдердің құрылымын түбір мен қосымшаларға жіктеу арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеуде халықтық таным-білімдер, ел аузында жиі айтылатын аңыз-әңгімелер мен орыс және батыс саяхатшыларының жазбалары мен халықтық этимология деректері де пайдаланылды.

Себебі Жетісу өңіріндегі кейбір топонимдер жоңғар-қазақ қарым-қатынасынан хабар беретін аңыз-әңгімелердің өрбуіне арқау болған. Бұл материалдар ғылыми талдауға қосымша ретінде қарастырылуымен бірге, ел аузында айтылған ауызша тарих, халықтық білім болғандықтан, оларға айрықша көңіл бөлініп, жіті назар аударылды. Айрықша назар аударуымыздың тағы бір себебі, жер-су атаулары көшпелі халықтардың есім беру дәстүрін де көрсетеді. Яғни жеңген жауының немесе оның бас батырының есімімен сол жерді атау. Бұл қатарға ел аузында сақталған *Аңырақай*, *Боралдай* туралы аңыз-әңгімелерді келтіруімізге болады. Осы тәрізді дәстүр көшпелі халықтардың топонимдерінде ғана емес, антропонимдерінде де ұшырайды (Шыңғыс ханға әкесі Есугей татарлардың рубасы Темучиннің есімін береді). Осы топқа жататын Жетісу өңіріндегі бір топ атау, біріншіден, моңғол қабатына тікелей қатысты болғандықтан, екіншіден, қазақ халқының есім беру дәстүрін көрсетіп тұрғандықтан мақалада қарастырылды. Сонымен қатар ел аузындағы аңыз-әңгімелер ауызша тарих деректері болғандықтан құнды материал саналады.

Әдебиетке шолу

География ғылымдарының кандидаты Ғ. Қоңқашпаев алғашқылардың бірі болып қазақ жеріндегі моңғол топонимдеріне арнап мақала жазғаны белгілі (1959 ж.). Ғалымның «Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана» деп аталатын жұмысында моңғол тіліндегі топонимдер Қазақстанның барлық жерінде ұшырайтынын, әсіресе, басқа өңірлерге қарағанда, шығыс пен оңтүстік-шығыста, яғни Жетісуда көп екені айтылады. Ғ. Қоңқашпаев өз зерттеуінде моңғол тілі материалдары негізінде жасалған топонимдерді анықтауда атау құрамында моңғол тіліндегі топоним жасаушы компоненттердің болуын және ол атаулардың Моңғолия жерінде де жиі кездесуіне мән береді.

Филология ғылымдарының докторы А. Әбдірахманов «Топонимика және этимология» атты еңбегінде қазақ жеріндегі моңғол жер-су атаулары жайлы құнды пікірлер ұсынады. Ғалым, алдымен, топонимдерді: 1) ана тілі негізінде жасалған топонимдер; 2) басқа тілдер негізінде жасалған топонимдер деп жіктейді. Ана тілі негізінде жасалған топонимдерді алтай дәуірінен бастайды да, бұл дәуір түркі-моңғол тіл бірлестігі заманын қамтитынын айтады. Осы тұжырымға негізделіп отырып, моңғол тілінен енген атауларды екі топқа бөліп қарастырады: а) *түркі-моңғол тіл бірлестігі заманында жасалған атаулар*; б) *XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығынан кейін енген атаулар*. Әрі қарай ғалым Алтай дәуіріндегі атаулардың тізімін, моңғол тілінен енген атаулардың және т.б. кезеңдер мен қабаттардың тізімін береді. Ғалымның бұл бөлінісі қазақ топонимдерін зерттеуші кейінгі ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Жанұзақ тарихи-географиялық Жетісу өңірінің құрамдас бөлігі Алматы облысының географиялық атаулары сөздігінде мағынасы моңғол тілі арқылы ашылатын атаулардың бір шоғыры қамтылған. Атап айтсақ, *Алтынемел*, *Аңырақай*, *Арғанаты*, *Ардолайты*, *Бақанас*, *Баянжүрек*, *Баянқол*, *Боралдай*, *Далайты*, *Дегерес*, *Долон*, *Доланқара*, *Дүбін*, *Жаманты*, *Жоңғар Алатауы*, *Жоңғар қақпасы*, *Кеген*, *Күрті*, *Қалмақасу*, *Қапшағай*, *Қонтайшы*, *Нарынқол*, *Нұра*, *Сөгеті*, *Сүмбе* тәрізді атаулардың тарихы мен мағынасы жоңғар тайпалары мен моңғол тілі элементтері негізінде ашылады.

Филология ғылымдарының докторы А. Жартыбаев Орталық Қазақстан топонимикасы бойынша жасаған зерттеуінде, ең әуелі, екі халықтың кәсібі мен көрші орналасқаны тілдеріндегі жақындықты тудыратынына мән береді. Түркі-моңғолға ортақ топонимдерді анықтау мақсатында салыстырмалы кесте ұсынады. Яғни *Қарағанды*, *Қарақатты*, *Қарағайлы*, *Қияқты*, *Арқарлы*, *Бұғылы*, *Көнек*, *Алтынсу* және т.б. жер-су атауларын түркі-моңғол тіл бірлестігі дәуірінде жасалған деп тұжырымдайды. Оны екі тілге ортақ фитонимдер мен зоонимдер және тұрмыстық сөздер негізінде дәлелдейді.

Филология ғылымдарының кандидаты Б. Бияров Оңтүстік Алтай жер-су атауларын зерттеген еңбегінде моңғол қабаты бөлек қарастырылған. Ғалымның зерттеуіне жинақталған 2000 атаудың 140-қа жуығының моңғол тіліне қатысы бары анықталған. Бұл барлық атаудың 7%-ын құрайды. Ғалым А. Әбдірахмановтың моңғол қабатын жіктеген топтастыруымен келісетінін айта келе, тарихи оқиғалар негізінде 2-топты XIII – XVIII ғғ. енген атаулар деп шектейді. Алайда Б. Бияров атаулардың нақты қай кезеңде қалыптасқаны жайлы деректердің жеткіліксіздігіне байланысты оларды бөліп-жармай тұтас қарастыруды жөн көреді.

Нәтижелер және талқылау

Алтынемел. Алтынемел – жотасының оңтүстік-батысы мен Көкқорым тауынан солтүстік-шығысындағы асу. *Алтын* және *емел* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған, атау құрамындағы *емел* моңғ. эмээл «ер», сонда *Алтынемел* моңғол тілінен аударғанда «*алтын ер*» деген мағынаны білдіреді. Е. Қойшыбаев *алт* көне түр. – «алды», «кіреберіс» және *емел* – «кезең», «асу» мағыналарын білдіріп, «асу алды», «алдыңғы асу», «кіреберіс» мәндеріндегі атау деп береді (Қойшыбаев, 1985: 47). Профессор Т. Жанұзақ *Алтынемел* атауындағы *алт(д)ын* сөзін – «төмен, төменгі жақ» деп, ал атаудың мағынасын «төменгі, аласа асу, бел» деп түсіндіреді (Жанұзақ, 2005: 59). Ал біздің талдауымыз бойынша, Алтынемел асуының атауы түркі-моңғол тілдеріне ортақ *алтын* және моңғол тіліндегі эмээл «ер» атауларының бірігуі арқылы қалыптасқан. Мұндағы алтын сөзі мағынасы белгілі. Ал *емел* сөзі моңғол тіліндегі эмээл «ер», ең көне тұлғасы *emegel (ЭСМЯ, 213). Б. Тодаеваның Шыңжаң ойраттарының тілінің сөздігінде *эмеел* «ер» ретінде кездеседі (Тодаева, 2001: 474). Сондай-ақ орыс саяхатшыларының дерегінде: «Алтынемелге шыққанда Іле жазығына тамаша көрініс ашылады. Оның сұлулығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, оған тілім жетпейді, оны тек көру керек», – деген жолдар кездеседі (Алфераки, 1891: 7). А.К. Гейнстің күнделік жазбасында, *Алтынемел* асуы екі асудан тұрады. Оның бірі Тезек төре отырған жағы *Жаман Алтынемел* делініп, солтүстік-шығыс жағы *Жақсы Алтынемел* деп аталады. *Жаман Алтынемел* жағы қонысқа жайсыз саналады (Валиханов, 1985: 272). Қазіргі таңда бұл екі асу жергілікті тұрғындардың тілінде «Алтынемел асуы» және «Жаманның асуы» деп аталады. Көшпелі өмір салтында белгілі бір жерді мекендеген тайпалардың ауысып тұруына байланысты микротопонимдердің де өзгеріске түсуі тарихта кездесетін құбылыс. Осы ерекшелікке сәйкес, қазіргі таңда Жаманның асуы аталатын асу Матай тауы аумағында орналасқан.

Аңырақай. Жетісудың батысында, Шу алқабындағы тау сілемі. Ғ. Қоңқашпаев пікірінше, атау «тау ішіндегі шатқал» мағынасындағы моңғолдың *ангархай* сөзінен қалыптасқан (Қоңқашпаев, 1962: 242). А. Әбдірахманов тау сілемінің физика-географиялық ерекшелігімен, түркі тілдерінің деректеріне сүйене келе, топонимді түркі-моңғолға ортақ «ашық», «аңыраю», «аңқаю» мағынасындағы сөз деп тұжырымдайды (Әбдірахманов, 1975: 62). Б. Базылханның моңғолша-қазақша сөздігінде *ангархай* сөзінің: 1) «саңылау», «тесік», «жарық»; 2) «аңырақ», «аңқиған», «ашылған» мағыналары берілген (Базылхан, 1984: 41). Атаудың түркі-моңғолға ортақ екенін ел аузындағы аңыздар да қуаттайды. Аңырақай тауының терең әрі тік шатқалдарынан соққан жел аңыраған үн шығарады. Сол себептен тау да, жел де, шатқал да *Аңырақай* деп аталған (Дәдебаев, 2020: 47). Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының дерегінше, халық бұл жерді *Аңырақай өлген жер* деп жүріп, кейіннен ол *Аңырақай* атанып кеткен. Бұл адырда қалмақпен болған бір жарым айға созылған соғыста қазақ қолы ойрат, хошуут, торғауыт, дүрбітті ойсырата соққы береді (Тауасарұлы, 1993: 256). Сондай-ақ ел арасында топонимнің мәні тарихтағы Аңырақай шайқасына қатысты түсіндіріледі. Аңызға сәйкес Балқаш бойында қазақтың үш жүзі бірігіп, қалмаққа қарсы тұрып, оларды Жетісу жерінен ары қарай ығыстыра түседі. Осы шайқаста жеңіліс тапқан қалмақ қолының аңыраған дауысы таудан жаңғырық болып естілген, кейіннен ұрыс даласы *Аңырақай* аталып кеткені айтылады.

Ардолайты. Алматы облысы, Ұйғыр ауданындағы ауыл. Профессор Т. Жанұзақтың пікірінше, атаудың бірінші сыңарындағы *ар* түркі-моңғол тіл бірлестігі заманынан келе жатқан «асу», «бел» мағынасындағы *ар*, *арт* сөзі де, екінші сыңарындағы *долай* моңғ. «дала», «ұшан теңіз, көз жеткісіз жазық» сөзі, ал атау соңындағы *-ты* көптік жалғаудың көне түрі. Демек, *Ардолайты* «асу, бел астындағы кең жазық» дегенді білдіреді (Жанұзақ, 2005: 62). Ұйғыр ауданы аумағында осы атаумен түбірлес *Долайты* елдімекені де ұшырайды. Мұндағы *ар* сөзі түркі-моңғол ортақ «асу», «бел» сөздері екені белгілі. Ал *далай* сөзі қазақ тіліне моңғол тілінен енген. Алайда бұл сөз моңғол тіліне қытай тілінен кірген. С.Г. Клаусонның көне түркі тілінің сөздігінде *талуй/taluy* «теңіз», *та* «ұлы», *лей* «су» және солтүстік Қытайдағы *Санг-кан* өзенінің аты болған. Бұл сөз қытай тілінен моңғол тіліне ғана емес, түркі тілдеріне де енген (Clauson, 1972: 502).

Арғанаты. Қарақұм құмдарының оңтүстігіндегі, Тауқұм құмдарының шығыс жағындағы тау. Арғанаты – *Аргаль/аргалын* моңғ. «арқар» сөзі *-та(й)* жұрнағы қосылып, қазақ тілінің

фонетикалық жүйесіне сәйкес *арғанаты* болып өзгерген. Профессор Т. Жанұзақ атаудың түп-төркінін *арқа* сөзімен байланысты қарайды. Географиялық термин ретінде *арқа* сөзі «ту сырт», «солтүстік» деген мағыналарды білдіретіні белгілі. Ғалымның пікіріне сәйкес, атаудың бірінші сыңарындағы *арған* (*арқан*, *арға*) сөзі «тау қыраттары, сілемі, тізбегі» деген мағынаны береді. Ал екінші сыңарындағы *-ат* қосымшасы – көне түркі дәуіріне тән көптік жалғау көрсеткіші. Атау соңындағы *-ы* кейінгі кездерде қосылған қосымша деп түйеді (Жанұзақ, 2005: 61).

Баянқол/Байынқол. Алаайғыр асуынан солтүстік-батысқа қарай Асутөр мен Кескентас өзендерінің қосылуынан құралатын өзен, Текес өзенінің оң саласы. А. Әбдірахманов бұл атауды моңғол тілінен енген гидроним деп қарайды. Атаудың түбірі *бай* түркі-моңғол тілдерінің туыстығынан қалған ортақ элемент болуы ықтимал деп болжайды (Әбдірахманов, 1975: 69). Ал *қол* моңғ. *гол* – «өзен». Профессор Т. Жанұзақ *бай* сөзінің көне түркі ескерткіштеріндегі «мол, көп» деген мағынасына сүйене келе, «суы мол, көп, ерен бай, үлкен өзен» деп түсіндіреді (Жанұзақ, 2005: 70).

Бородабсун. Жабыртау тауының солтүстік-батысындағы, Қарасаз ауылының оңтүстік-шығысындағы көл. Қазіргі таңда *Тұзкөл* аталады. Көл жоңғарлардың Жетісудағы үстемдігі тұсында *Дабысун* деп аталған. Дабысун моңғ. *давс* «тұз» деген мағынаны білдіреді. Біздің ойымызша, бұл көл ежелден *Тұзкөл* аталып, жоңғарлар келген тұста ойрат тілінде *Дабысун* аталып, кейіннен қазақтардың Жетісуға қайта қоныстанған кезінде байырғы *Тұзкөл* атауын қалпына келтірген.

Боралдай. Тянь-Шань тауының аласа белесі, үлкен Алматы өзенінің сол саласы да *Боралдай* аталады. Профессор Т. Жанұзақ пікірінше, *Боралдай* атауы қалмақ тілінде *боралда* «сусыз, қуаң боз жота, сусыз боз қырқа» дегенді білдіреді. Ал сөз соңындағы *й* дыбысы қазақ тілінің айтылу ыңғайына қарай қосылған қосымша (Жанұзақ, 2005: 73). Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегінде, өгіз қалмақ аталған Боралдай мен Қасқары есімді қазақ батыры жекпе-жекке шығады. Кейін осы шайқас өткен Боралдай жері аталған Көкдөңнің үстінде үш жарым мың қалмақтардың өлігі қалған (Тауасарұлы, 1993: 282). География ғылымдарының докторы К. Каймулдинова саяхатшы Ф. Назаровтың жазбаларында *Боралдай* атауы *Буралтай* түрінде жазылғанын, бастапқы нұсқасы *Бурылтай* болуы мүмкін деп тұжырымдайды (Каймулдинова, 2010: 25). Біздіңше, түркі-моңғол тілдеріндегі тарихи *p/z* дыбыс сәйкестігі бойынша *Боралдай* топонимінің атауына «ақшыл», «ағарыңқы» деген мағынаны білдіретін *бор/боз* түбір сөзі негіз болса керек. К. Каймулдинованың болжамына сәйкес *Бурылтай* атауының түбірі *бурыл* сөзінің семантикасында «ақ», «ақшыл» мағыналары бар. Ал атау құрамындағы *тай* сөзі *тау* сөзінің көне нұсқасы. *Бурыл* сөзінің соңғы дыбысы үнді болғандықтан, ілгерінді ықпалдың салдарынан *тай* сөзіндегі қатаң /т/ ұяң /д/-ға айналған. Сонымен топонимнің мағынасы «ақ тау», «басы ағарыңқы тартып тұратын тау» мәнінде қойылған. Біздің бұл пікіріміз, профессор Т. Жанұзақтың «сусыз қуаң боз жота, көлбей созыла жатқан боз иенді қырқалар» деген тұжырымымен де сәйкеседі.

Борохудзир. 1) Үйгентас асуынан солтүстікке қарай ағатын өзен, Іленің оң сағасы; 2) Қояндытау жотасының солтүстік-шығысындағы, Үйгентас асуының оңтүстік-шығысындағы тау. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірінше, «сұр», «қамысты жер» дегенді білдіреді (Қоңқашпаев, 1959: 89). Шоқан Уәлиханов Іленің оң сағасындағы *Құсмұрын* гидронимінің басқаша *Борохуджир* деп аталатынын келтіреді (Валиханов, 1984: 174). Дегенмен қазіргі таңда өңірде *Құсмұрын* гидронимі де, *Борохудзир* гидронимі де кездеседі. Сондықтан бұл екі атау бір өзеннің атауы ма әлде қатар ағып жатқан өзендердің атаулары ма әлі нақтылауды қажет етеді. Ал тау атауы ретінде кездесетін Борохудзир атауына келетін болсақ, моңғол тілінен енген, *бор(о)* «боз», «сұр» (Базылхан 1984: 82) және *хужир* «ащы», «сор» (Базылхан 1984: 622) сөздерінің бірігуінен жасалып боз сорлы, сортаң жер ретінде сол таудың топырағының түсіне байланысты берілген атау деп ойлаймыз.

Бурхан. Ақсу өзені алабындағы өзен. Сондай-ақ Жетісу өңірінде Үлкен Бұрхан, Кіші Бұрхан, Солтүстік Бұрхан жер-су атаулары кездеседі. Бурхан сөзі қазақ тіліне жер-су атауы ретінде енген. Моңғол тілінде «құдай» деген мағынаны білдіреді. Моңғолдардың арасында Будда дінінің таралуымен байланысты Будда яғни Бодхисаттваны *Бурхан Багш* яғни *құдай ұстаз* деп

атайды.

Долан. 1) Алматы шыңынан батысқа қарай ағатын, Ақсай өзенінің сол, Қаскелең өзенінің оң саласы; 2) Қаскелең мен Ақсай өзендерінің аралығындағы тау. Өңірде *Доланқара* (қаз. Жетіқара), *Долантау* (қаз. Жетітау) оронимдері де ұшырайды. Долон моңғ. долон «жеті» саны.

Дүбін. Алматы облысы, Ұйғыр ауданындағы әкімшілік-бірлік атауы. Профессор Т. Жанұзақ атаудың бірінші сыңарындағы дүбін моңғ. дов «төбе», «төбешік», бур. добо – «төбе», «шоқы» мәнін білдірсе, атаудың екінші сыңарындағы ұн (ун, үн) жинақтық, көптік мәнді білдіретін түрік, моңғол тілдеріндегі көптік жалғау көрсеткіші. Атау «төбе, төбешік, шоқылары бар жер» деген топонимдік мағынаны береді (Жанұзақ, 2005: 81).

Дегерес. 1) Жетіжол жотасының солтүстік-шығысы мен Дегерес ауылының батыс жағындағы тау; 2) Ақай Нүсіпбеков ауылының солтүстік-батысы мен Қарабұлақ ауылының оңтүстік-шығысындағы тау; 3) Шолақ тауларының солтүстік-шығысы мен Көкқорым 118 тауының оңтүстік-батысындағы тау; 4) Орта Қақпақ пен Үлкен Қақпақ өзендерінің аралығындағы, Қақпақ ауылының оңтүстік-шығысындағы тау. Ғ. Қоңқашпаев, бұл атау моңғ. *дзер герес* – «жабайы ешкі», «тау ешкі» болса керек деп жорамалдайды (Конкашпаев, 1959: 90). Халх моңғол тілінде *зээр* «жирен» *гөрөөс* «ашатұяқ аңдар» (Базылхан 1984: 138, 275). Дегерес атауын моңғол тіліндегі *зээр гөрөөс* атауынан енгендігі ықтимал болса да, атаудың тау ешкі емес, жирен (қарақұйрық) аңының атауымен байланысты болуы мүмкін екенін айта кеткеніміз жөн. Ал, Е. Қойшыбаевтың пікірінше, *тегер* көне түркі тілінде «айналма, айналым», - ес – өлі жұрнақ (Қойшыбаев, 1985: 91). Профессор Т. Жанұзақ парсы тілінде *тиг, тег* – «тау шыңы», «таудың ұшар басы», тәжік тілінде *тег, тега* – «тау жалы», «тау басы» сөздерімен байланыстырады. Ал түркі-моңғол *ес* сөзі – *су, өзен* деген сөздердің орнына қолданылған көне сөз (Жанұзақ, 2005: 79).

Кеген. Дардамты тауынан оңтүстік-батысқа қарай Ешкі Қарасу мен Тышқансай Қарасу өзендерінің қосылуынан құралатын өзен, Шарын өзеніне оң жақтан қосылады. Ғ. Қоңқашпаевтың дерегінше, 17-18 ғғ. *Кегенқол* аталып, кейіннен *Кеген* деп қысқарып аталып кеткен. Бұл атау *Кегенқол* «қасиетті өзен», *кеген* моңғол тілінде «қасиетті» деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде будда әулиесі Ноин-Гомба өмір сүріп, дүние салғаны жайлы аңыздарда сақталған (Конкашпаев, 1959: 92). *Кеген* топонимі *Кейген* түрінде М. Қашқаридің сөздігінде кездеседі. Онда «*Кейген* – Қайастан Ілеге ағатын екі дарияның аты. Олардың бірін Кішік (Кіші) Кейген, екіншісін Ұлығ (Ұлы) Кейген дейді» (Қашқари, 1998: 238). Бұл дерекке қарағанда, *Кеген* гидронимін ерте орта ғасырдан келе жатқан көне түркі тіліндегі атау деп тануымызға болатындай. Профессор Т. Жанұзақ М. Қашқаридың еңбегіне сүйене отырып, *Кейген* атауының бірінші сыңарындағы *кей* тұлғасының *күй, құй* нұсқаларында айтылып, «үңгір, үлкен шұңқыр», «өзен арнасы», «жағасы» (хакас тілінде), «терең сай», «биік, терең жар», «тік жар не беттің етегі» (қазақ, қырғызда) мағыналарын білдіргенін айтады. Ал екінші сыңарындағы *-ген* түркі тілдерінде *ган//ген, гем//хем* тұлғаларында айтылып, «су, өзен» мағынада қолданылған. Осыған сүйене отырып, ғалым *Кеген* гидронимі «тік жар», «терең сай, арнадағы өзен» дегенді аңғартады дейді. Атаудың бұл мағынасы өзен ағып жатқан жердің физика-географиялық сипатымен де сәйкеседі (Жанұзақ, 2005: 101).

Қалғұты. Қордай асуының солтүстік-батысындағы, Шу өзенінің оң саласындағы, Ақжайқын көлінің солтүстік-батысындағы сорға барып сіңіп кететін өзен. *Қалғұты* моңғ. *Халга* «қақпа», «есік» деген мағынаны білдіреді. Жоғарыда атап кеткен иелік мән үстейтін *-тай* жұрнағы қосылып, *есікті* деген мағынаны береді. Е. Қойшыбаев бұл атауды *Қалғұтты* этнонимінің фонетикалық жағынан сөйлеу тіліне ықшамдалған түрі деп қарастырады (Қойшыбаев, 1985: 144). Алайда, біздің ойымызша, бұл атау моңғол тілдерінен енген «есікті» мағынасындағы сөз.

Қалмақсай. Ақтау тауының солтүстік-батысы мен Нұрым ауылының оңтүстік-шығысындағы шатқал. Өңірде *қалмақ* этнонимі негіз болған *Қалмақасу, Қалмақжатқан, Қалмақтөбе, Қалмаққара* тәрізді оронимдер кездеседі. Мұнда сай, төбелердің алдына қалмақ этнонимінің қосылуы тарихи тұрғыдан аталмыш таулар, төбелер мен сайларда қалмақтардың қоныстанғанын, бұл атаулардың қазақ тайпалар тарапынан өзгешелеу, басқа төбелерден айыру

мақсатында берілгенін айтуға болады.

Қапшағай. 1) Күрті бөгенінің шығысы мен Ақши ауылының оңтүстік-шығыс жағындағы тау; 2) Іле өзенінің аңғарында, Қапшағай қаласынан солтүстікке қарай; Қапшағай қалалық әкімшілік аумағы және Іле ауданының шекарасындағы қоныс; 3) Іле өзенінің бойында, Іле Алатауының солтүстігіндегі бөген. Е. Қойшыбаевтың пікірінше, атау түркі-моңғолға ортақ *қап* (қабу, қысу) етістігіне сындық *-чы* және кішірейткіш *-ғай* қосымшаларын жалғастыру арқылы жасалған, «тар шатқал» мәніндегі атау (Қойшыбаев, 1985: 149). *Қапшағай* топонимінің мағынасы академик Ә. Қайдар «екі жағы биік жартастың ортасынан өзеннің ағып өтетін тар, қыспақ тұсы» дей келе, оның тарихи құрылымындағы *а~ы* сәйкестігін ескеріп, мағыналық тұрғыдан *қыпша* (қыпша~қыспа – метатеза) сөздерімен түбірлес, ал өзінің түбірі – *қыс* деп болжам жасайды. Қытайдың Іле қазақ облысындағы Текес ауданында да қалмақ тілінде жасалған *Ханчыға* гидронимі кездеседі (Қайдар, 2014: 173). Бұл атау да *Қапшағай* атауының фонетикалық нұсқасы болып табылады. Қазіргі халх, ойрат тілдерінде де *хавч-*, *хавс-* етістіктері екі жағынан *қысу*, *тарылту* деген мағыналарды береді.

Қойбын. Атыжоқ тауының солтүстік-шығысынан бастау алып, Айдарлы ауылының солтүстігінде құрғап қалатын өзен. Бұл да біздің пікірімізше, моңғол тілдерінен енген атау. Моңғол тілдерінде *говь* сөзі өсімдік, ағашы өте сирек, суы аз жерді білдіреді (МХТТ, 2021: 302). Ойрат тілінің сөздігінде *гöwī* «сусыз жер, шөл» (Цолоо, 1988: 359). *Говь* сөзі зат есім, сын есім тудырушы *-дуу* жұрнағы арқылы *говьдуу* «құрғақтау» деген мағынаны бере алады. Сонымен қатар зат есімнен етістік тудырушы *-х* жұрнағы арқылы *говьших* «шөлдену», «құрғақтану» деген мағынаны да білдіреді. Сол себепті өзеннің құрғап қалатын ерекшелігін еске сақтай отырып, Қойбын атауының моңғол тілдеріндегі шөлдеуіт, шөлдену деген мағыналарды беретін *говь* түбірінен шыққан сөз деп ойлаймыз. Азиядағы ең ірі шөлді аймақ Гоби шөлінің атауы да осы шөл, шөлдеуіт, құрғақ, суы және ағаштары аз жер деген мағынаны білдіретін *говь* (**γowi*) сөзінен шыққан.

Қонтайшы/Қонтөжі. Қора жайлауындағы тау. Профессор Т. Жанұзақтың пікірінше, қалмақ тілінде *Коон* немесе Қаһан тайшы «ұлы хан» деген мағынаны білдіреді (Жанұзақ, 2005: 132). Атау қалмақ қонтайшыларының бірінің жазғы қонысы болуымен байланысты қалыптасса керек. *Қонтайшы* тауы швед офицері Ренаттың жоғарыда айтылған ойрат тайпаларының көшіп-қонған аумағына және И. Кастаньенің дерегіне сәйкес келеді (Кіріспе бөліміндегі «Тарихтағы қазақ-ойрат қатынасы» тақырыпшасын қараңыз). Қазақ тіліне тау атауы ретінде ойрат тілінен кірген *қонтайшы* сөзі – моңғол тілдерінде «ханның туған ұлы» деген мағынасымен бірге Алтын руынан яғни Шыңғыс Ханның тегінен келген ақсүйектерге берілетін лауазым атауы (МХТТ, 2021: 666). *Хунтайж* лауазым атауы моңғол тілдеріне қытай тіліндегі *хуантайцзи* «тәж ханзадасы», яғни таққа мұрагер ханзада деген атаудан енген (Сүхбаатар, 1997: 200).

Қора. Жетісу Алатауының батысындағы мұздықтардан бастау алады, Қаратал өзенінің оң құраушысы, Балқаш көліне оңтүстіктен құяды. Жетісу өңірінде *Қора* атауы негізінде *Аққора*, *Байқора*, *Берікқора*, *Бесқора*, *Балақора*, *Көкқора*, *Кіші Қора*, *Қораесне*, *Қызылқора*, *Үлкенқора* т.б. көптеген жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған. Моңғол тіліндегі *хороо* «қора» яғни суықта малды қорғайтын алаң, «аула», «қала» деген мағынаны береді (МХТТ, 2021: 595). Көне түркі тілінде *кoгi* «қорғау» сөзі бар (Clauson, 1972: 645). Біздің ойымызша, *қора* сөзі қорғау етістігінің көне түркі тіліндегі түбірі *кoры* етістігінен келеді. Моңғол тілдеріндегі *хороо* сөзінің негізгі мағынасы малдарды суықта қорғайтын алаң, кейіннен қала, аула, әкімшілік басқару аймағы секілді жанама мағыналары қосылған. Моңғол тіліндегі *хороо* сөзі көне түркі тіліндегі *кoры* «қорғау» етістігінен кірген.

Қордай. Мұзбел ауылының солтүстік-шығысы мен Кенен ауылының оңтүстік-батыс жағындағы асу. Ғ. Қоңқашпаев пікірінше, *хуртай моңғ.* «жаңбырлы» деген мағынаны білдіреді (Қоңқашпаев, 1959: 92). Біз де ғалымның пікіріне қосыламыз. Ал академик Ә. Қайдар Е. Қойшыбаев пен А. Әбдірахмановқа сүйеніп: «тау» мағынасындағы дай (дей, дой, тау, тей, тау, тоу, ту т.б.) формасы мен *қар//қор//хөр* (түркі-моңғол сөзі (снeг) тұтасуынан Қордай атауы қалыптасқан деп есептейді. Көне мағынасы: «қарлытау» (асу) деп түсіндіреді (Қайдар, 2014: 174). Атаудың халық тілінде «алып» деген мағынасы сақталған. Сондай-ақ ел аузындағы

әңгімеде Қордай асуын мекендеген Қордай есімді батыр туралы аңыз-әңгімелер сақталған. Асудан үнемі жел соғып тұратындықтан, бұл желді халық *Қордайдың қоңыр желі* деп атаған. Асудан ниеті жақсы адамдарға *Қордайдың қоңыр желі* еседі, ал ниеті жамандар *Қордайдың қарлы бораны мен қара дауылына* жолығады (Дәдебаев, 2020: 196).

Лабасы. Көксу өзенінің сол жағалауын, Ақтекше жотасының солтүстік-батысын алып жатқан тау. Ғ. Қоңқашпаев бұл атау моңғол немесе тибет тілінен будда дінімен байланысты енгенін айтады. Тарихи деректерге қарағанда, өңірді мекендеген қазақтар мен орыстар *лаба//лама* сөздерін жиі қолданған. *Лаба* атауы будда дінінің ламалық бағытын ұстанған халықтар қоныстанған аймақтарда жиі ұшырайтынын айтады. Орыс географиялық қоғамының мүшесі Н. Абрамов Лабасы тауынан он алты ламалық мінажат үйлерінің іргетасын кездестіргені жайында мәлімет береді. *Лаба* сөзі будда дініне табынушы ламалардың мінажат ететін жайын немесе ламалардың өзін білдіретін болған. Ал *-сы* тұлғасын – қытай сөзі деп қарастырады (Қоңқашпаев, 1959: 92). Біздіңше, тарихта *Лабаиш* есімді қалмақ төресінің есімімен байланысты. Төренің есімі жоңғар хандығы құлдырай бастағанда Әмірсанамен бірге Абылай ханға келгені жайлы деректер бар. «Сол жылы қалмақ хандығының тағына таласқан Амура-сана, Лабаша деген қалмақтың екі төресі Абылайға келеді» (Сейфуллин, 1964: 43). С. Сейфуллиннің көрсетуінше, Лабаша (Лабасы) қалмақ төресі. Түркі-моңғол тілдіріндегі *с-ш* дыбыстарының сәйкестігі орын алып, қалмақ тіліндегі *Лабаиш* есімі қазақ тіліне *Лабасы* деп өзгеріске түскен. Жетісудағы бір таудың *Лабасы* аталуы осы қалмақ төресінің қыстауы болуына байланысты деп топшылаймыз.

Моңғолкүре. Іле Қазақ автономиялы облысына әкімшілік-бірлік атауы. Бұл атауда Жетісудағы будда дінімен байланысты қалыптасқан атаулардың қатарына жатады. Атаудың бірінші сыңары этноним болса, екінші сыңарындағы *күре/хүрээ* сөзінің моңғол тілдерінде бірнеше мағынасы бар. Бастапқы мағынасы «үй», «құрылыстың сыртынан салынған қора», «аула»; «мекен». Мысалы Улаанбаатардан бұрынғы Моңғол астанасының аты Да Хүрээ ұлы *күре болған*; бір нәрсенің сырты, сыртынан айналған шегарасы; әскери камал секілді мағыналарды білдіреді (МХТТ, 2021: 708). Моңғолдардың мекені, Жетісудағы ламалардың бұтханасының орналасқан жері болған.

Мұқыры. 1) Шаған тауынан бастау алып, Быжы өзеніне қосылатын өзен; 2) *Мұқыртау* Кеген асуының солтүстік-шығысындағы тау. Ғ. Қоңқашпаев моңғол тіліндегі *мукор, мухор* сөзінен шығып, «келте», «қысқа» деген мағыналарды білдіретінін айтады (Қоңқашпаев, 1959: 93). Ал А. Әбдірахманов атаудың тарихын тым әріден, Алтай дәуіріне жатқызады. Ғалым *Мұқыры* атауын *Қапшағай, Алтынемел, Сарқан* т.б. атаулармен бірге Алтай дәуірінен келе жатқан атаулар тобына жатқызады (Әбдірахманов, 1975: 32). Ал бұл кезеңдегі атаулар түркі-моңғолға ортақ атаулар қатарына жатады. Яғни алтай дәуірінде түркі-моңғол тілдерінің жігі ажырамаған-ды. *Мұқыр* сөзі түркі тілдерінің ішінде қырғыз, тыва тілдерінде кездеседі (Жанұзақ, 2005: 151). *Мұқыры* өзге өзендермен салыстырғанда *қысқа, келте* болуына байланысты *Мұқыр* деп аталған. Атау тіліміздегі «тапал», «тайқақ», «аласа», «мыртық», «қортық» сөздерімен мағыналас *мықыр* сөзімен төркіндес > *Мұқыр* ~ *мықыр*. Сондай-ақ *Мұқыр* атауы Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Орал, Павлодар облыстары аумағында да ұшырасады. Бұдан атаудың қазақ жерінде кең таралған гидроним екенін аңғаруға болады.

Нарынқол. Алаайғыр асуының солтүстік-шығысындағы мұздықтардан бастау алатын, Байынқол өзенінің оң саласынан қосылатын өзен. *Нарынқол* моңғ. *Нарийн гол «жіңішке өзен»*. Профессор Т. Жанұзақ *Нарынқол* атауы «жіңішке өзен» мағынасында үйсін заманынан келе жатқан түркі тілдеріне ортақ сөз деп таниды. Оған себеп, біріншіден, қытайтанушы Я. Бичуриннің үйсін тіліне тән сөздердің қатарында *Нарын* топонимінің де кездесуі; екіншіден, Орталық Азия мен түркі халықтары жайлаған өңірлерде *Нарын* топонимінің жиі ұшырауы; үшіншіден, атаудың екінші сыңарындағы *қол* сөзінің «өзен», «өзеншік, өзен тарамы», «сай» мағынасында Мойыншор ескерткішінде көрініс табуы. Міне, ғалым осындай деректерге сүйене отырып, *Нарынқол* атауын ертеден келе жатқан атау деп таниды (Жанұзақ, 2005: 153).

Нұра. 1) Бүйен өзенінің оң саласы саналатын өзен; 2) Сөгеті тауларының солтүстік-батысындағы тау; 3) Қалмақжатқан тауының оңтүстік-шығысындағы төбешік; 4) Лөккүм тауының солтүстігіндегі, Соркөл көлінің оңтүстік-шығысындағы төбешік. Е. Қойшыбаев *Нұра*

атауын жер бедерінің шығыңқы келген түрлерімен байланысты көне тілдердің қалдығы деп қарайды (Қойшыбаев, 1985: 194). Алайда, біздің ойымызша, *нұра* сөзі гидроним ретінде моңғол тіліндегі *нуур* «көл» сөзінен енген.

Сарноқай. Жетісу Алатауының солтүстік бөлігінде, Көксу мен Шажа өзендерінің аралығында орналасқан шоқы. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірінше, *Сарноқай* (*Шарнохай*) моңғол тіліндегі «сарғыш ит» мағынасын білдіреді (Қоңқашпаев, 1959: 94). Бұл атау Е. Қойшыбаевтың сөздігінде *Сарыноқай* түрінде кездесіп, этноним деп түрсіндірме берілген (Қойшыбаев, 1985: 206). Профессор Н. Уәли *ноқай* сөзін моңғол-қазақ тілдеріне ортақ, мағыналары жуық сөз деп таниды. Қаз. *ноқай* «дөрекі, топас» тәрізді жағымсыз мәнде қолданылса, моңғ. *нохай* «ит» дегенді білдіреді. Ғалымның пікірінше, қазақ тіліндегі *ноқайдың* жағымсыз мағынада жұмсалуды ассоциациялық байланыстан тууы мүмкін (Уәлиев, 1975: 48).

Сарытолағай. Түп өзенінің оң жағалауындағы ауыл. Атау құрамындағы *толағай* сөзі – Ғ. Қоңқашпаев пікірінше, қазақ жерінде, оның ішінде Жетісу аумағында жиі кездесетін моңғолша атау. *Толағай* деп жер бетінің шығыңқы келген шоқы, төбе секілді жерлерін атайды. *Нохой толағай* моңғ. «ит шоқы» деген сөз. *Ноқой толағай* тауы Алматы облысының жерінде ұшырасады (Қоңқашпаев, 1959: 95). Моңғол тілінде *толгой* «бас» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, *уулын толгой* «тау шыңы», яғни «төбе», «шың» деген қосымша мағыналарды да береді. Ал *толағай* сөзінің *сары* сөзімен тіркесіп келуі, адырдың алып жатқан аумағының ауқымды екенін білдіреді. Өйткені топонимдер құрамындағы *сары* түс атауы «ұзақ», «ұзын», «көне» деген мағыналарға ие (салыстырыңыз: *Сарыарқа*, *сарымай*). Сондай-ақ Г. Сағидолдақызының пікірінше, моңғол топонимиясында кішірек таулар мен ұсақ төбелерге берілген атаулардың көбісі *толгой* – «төбе», «томпақ тау» географиялық термин-метафорасы арқылы жасалады (Сағидолдақызы, 2000: 133).

Сүмбе. Ұзынқара жотасының оңтүстік-шығысындағы өзен, Текес өзенінің сол саласы. А. Әбдірахманов бұл сөзді моңғолдың *сүмбэр* «биік тау» дегенді білдіруі мүмкін деп болжайды (Әбдірахманов, 1975: 158). Ғ. Қоңқашпаев топонимнің қалыптасуын діни тұрғыдан қарастырады. *Сюме* моңғ. «мұнара» деп түсіндіреді. *Сүмбе* атауы будда дінінің ғұрыптарына байланысты құрылыстарды немесе қирандыларды атауда қолданылады (Қоңқашпаев, 1959: 94).

Түрген. Іленің сол жағынан құятын тау суы, Іле Алатауының солтүстік бөлігінен бастау алады. Ғ. Қоңқашпаев пікірінше, *Түргэн* моңғ. «тез», «жылдам» деген мағыналарды білдіреді. *Түрген* моңғолдар қоныстайтын немесе бұрын мекендеген жерлерде арқыраған тау суын атауда жиі қойылады (Қоңқашпаев, 1959: 95). Е. Қойшыбаев атаудың көне түркідегі «тез», «шапшаң» мағынасындағы *дүркін* сөзінен бекінген атау деп қарайды. Атаудың *Түркен* (Орта Азия аумағында), *Түргүн* (Шыңжаң жерінде), *Түргесүн* (Алтай өлкесінде) тәрізді тұлғалары кездеседі. *Түрген* атауы түркі тілдеріндегі *Тез*, *Тес*, *Ағынықатты* гидронимдерімен мағыналас екенін айтады (Қойшыбаев, 1985: 226). Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде де түркі-моңғол тілдеріндегі *терк/түрк/дүрк* сөздерін салыстыра келе, көне түркі жазбаларында *tärk* – тез, жылдам, *tärklä* – тез жүріп кету, моңғол тілінде *түргэн тез*, *жылдам*, *асығыс* екені көрсетілген (ҚТҚЭС, 1966: 70). Профессор Т. Жанұзақ атаудың құрамын ажыратып, *түр//дүр* сөздерінің мағыналары жоғарыда аталған ғалымдардың пікірімен сәйкеседі, ал атаудың *-ген* сыңары түркі тілдерінде *ган/ган/ген/хем/кем* тұлғаларында айтылып, «өзен», «су» мағынасын білдіретінін көрсетеді (Жанұзақ, 2005: 184). Сонымен, түркі-моңғол тілдеріне ортақ *Түрген* атауы «ағысы қатты, жылдам ағатын тау суы, өзен» деген мәнге ие.

Шаған. Ақтекше тауының оңтүстік-шығысындағы тау. *Шаған* моңғ. *Цагаан* «ақ», «боз» деген мағыналарды білдіреді. Ғ. Қоңқашпаев та атаудың түп-төркінін моңғол тіліндегі *ақ* түс атауымен байланысты қарастырады (Қоңқашпаев, 1959: 96). Ал А. Әбдірахманов моңғол тіліндегі /ц/ дыбысының қазақ тіліндегі /ш/ дыбысы сәйкес келетінін *цай-шай*, *цацаг-шашақ*, *цулбуур-шылбыр* сөздерін мысалға келтіру арқылы түсіндіреді (Әбдірахманов, 1985: 187). Біздіңше, *Шаған* тауының физика-географиялық ерекшелігін ескере отырып, тау басында жаздың ыстық күнінде де қар жатуымен байланысты, алыстан көз тастағанда таудың басы ақ тартып тұратындығына байланысты халық солай атап кеткен. *Шаған* тау атауы ретінде *ақ тау* дегенді, өзен атауы ретінде келгенде *ақ су* деген мағыналарды білдіреді. Сондай-ақ дәстүрлі

қазақы ортада таңдаулы жылқы мен түйенің ақ шаңқан түсін, *шаған ат*, *шаған түйе* деп атайды. Мұндағы шаған ат *ақ боз ат* деп те, ал шаған түйе *ақ түйе* деп те атала береді. Сонымен бірге ақ түсін күшейту мақсатында айтылатын *ақ шаңқан* тіркесінің құрамындағы *шаңқан* сөзі де *шаған* сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған нұсқасы екені белгілі. Өңірде кездесетін Үлкен Қалқан тауларынан бастау алатын *Сарышаған* гидронимі «ұзын ақсу» дегенді білдіреді (қараңыз: *Сарытолағай*).

Шағатай. 1) Тіксай өзенінің сол саласы саналатын өзен; 2) Іле алатауындағы қорым. Шыңғыс ханның екінші ұлы *Шағатайдың* есімімен байланысты қалыптасқан. Біздің пікірімізше, топоним өзен бойында Шағатай ханның ордасының болуына байланысты пайда болса керек. Сондай-ақ Жетісу өңірі Шағатай ұлысының үлкен бір бөлігі болғаны тарихтан жақсы мәлім. Шағатай ұлысының жалғасы, Моғолстан хандығының құрылған кезеңінде Балқаш *Көкшетеңіз* деп аталып, Моғолстан мен Шығыс Дешті қыпшақ арасындағы шекара саналды, басқаша айтқанда, Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысын айырып тұрғаны айтылады (Қазақтың көне тарихы, 1993: 220).

Қорытынды

Мақалада Жетісу өңірінде кездесетін моңғол тіліндегі жер-су атаулары үш кезеңге бөлініп қарастырылды. *Бірінші кезең*: түркі-моңғол тіл бірлестігі заманында пайда болған топонимдер; *екінші кезең*: моңғол шапқыншылығы кезінде енген топонимдер; *үшінші кезең*: Жетісудағы жоңғар үстемдігі тұсында қалыптасқан өңірлік топонимдер. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Жетісу өңірінің топонимиясында түркі-моңғол тілдеріне ортақ *Аңырақай*, *Боралдай*, *Қапшағай*, *Қордай*, *Мұқыр*, *Шамалған* тәрізді атаулар ұшырайтыны көрсетілді. Сондай-ақ *Шағатай*, *Моңғолкүре*, *Нарынқол*, *Түрген*, *Кеген*, *Шаған* тәрізді атаулар моңғол шапқыншылығы тұсынан келе жатқан деп танылды. XVII – XVIII ғғ. Жетісудағы жоңғарлардың үстемдігі тұсында қазақ-моңғол тілдерінің қатар өмір сүруі, Жоңғар хандығы құлағаннан кейін, ойрат тілінде қалыптасқан жер-су атауларының инертті жолмен сақталып, өңірдің ономастикалық жүйесіне орнығып, моңғол тіліндегі топонимдер қабатының түзілуіне ықпал еткен. Тарихи және тілдік деректер негізінде *Ардолайты*, *Бородабсун*, *Борохуздир*, *Бурхан*, *Дүбін*, *Дойбын*, *Долан*, *Лабасы*, *Қонтайшы*, *Қалмақсай* тәрізді атаулар XVII – XVIII ғғ. Жетісудағы жоңғар үстемдігі кезеңінде қалыптасқаны айқындалды. Өңірдегі жоңғар үстемдігі кезінде калька жолымен қазақ тілінен ойрат тіліне аударылған *Тұзкөл* – *Дабысун* тәрізді атаулар да кездеседі. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтар Жетісудағы байырғы қоныстарына оралған соң, *Дабысун* – *Тұзкөл* деп қайта қазақшаланған. Сонымен, мақалада біз Жетісудағы моңғол тіліндегі топонимдердің тілдік талдауын жасай отырып, кейбірінің түркі-моңғолға ортақ екенін, ал кейбірінің XIII ғ. моңғол шапқыншылығы және XVII – XVIII ғғ. жоңғар үстемдігі тұсында моңғол тілінен енген атаулар екендігін мысалдармен дәйектеп, өзіндік пікірімізді ұсындық.

Мақалада Жетісу өңірінің топонимдер жүйесінде өзіндік орын алатын моңғол қабатының жер-су атауларындағы көрінісі талданды. Аталған үш кезеңде қалыптасып, бүгінге дейін сақталған мағынасы моңғол тілі арқылы айқындалатын жер-су атаулары жинақталып, талданды, мағынасы мен аталу уәжділігі анықталды. Аталған кезеңдердегі тарихи оқиғалар Жетісу топонимдер жүйесіне өзгерістер әкелгені көрсетілді. Сондай-ақ жер-су атауларының тарихын анықтау барысында ел аузындағы аңыздар мен әңгімелерге назар аударылды. Моңғол тілді этностардың қазақ жеріне келуі, біршама тұрақтауына байланысты моңғол жер-су атаулары қазақ тіліне енгендігі көрсетілді. Мақалада моңғол тіліндегі жер-су атауларының Жетісу өңірінің топонимдер жүйесіне ықпал-әсері анықталып, алатын орны айқындалды.

Әдебиеттер

- Алфераки С. Кульджа и Тянь-Шань. Путевые заметки. – Санктпетербург, типография императорской академии наук, 1891. – 193 с.
 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 206 б.
 Базылхан Б. Моңғолша-қазақша сөздік. – Улаанбаатар-Өлгий: Моңғол Халық Республикасы Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты, 1984. – 887 б.
 Бияров Б. Өр Алтайдың жер-су аттары. – Алматы: Жания-полиграфия, 2002. – 180 б.
 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской

энциклопедии, 1984. – 432 с.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 5. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 528 с.

Дәдебаев Ж. Тараз өлкесі: тау мен дала аңыздары. – Алматы: Дәуір, 2020. – 404 б.

Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256 б.

Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2009. – 240 б.

Каймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аймақтарының топонимиясы. – Алматы: «Те-Color» баспасы, 2010. – 280 б.

Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 511 с.

Конкашпаев Г.К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана // Известия АН КазССР. – Серия филологии и искусствоведения. – Вып. 1(11), 1959.

Конкашпаев Г.К. Некоторые малопонятные географические названия в Казахстане // Сб. «Вопросы географии Казахстана». – Вып. 9, 1962. – С. 242.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (ҚТҚЭС). – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.

Қазақтың көне тарихы (дайындаған М.Қани). – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.

Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.

Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.

Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.

Монгол хэлний тайлбар толь. (МХТТ) 1а. Нэмж засварласан гурав дахь хэвлэл. – Улаанбаатар: Монсудар хэвлэлийн газар, 2021.

Монгол хэлний тайлбар толь. (МХТТ) 2б. Нэмж засварласан гурав дахь хэвлэл. – Улаанбаатар: Монсудар хэвлэлийн газар, 2021.

Сағидолдақызы Г. Түркі (қазақ) және моңғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. – Алматы: Полиграфист, 2000. – 254 б.

Сейфуллин С. Шығармалар. 6 томдық. VI том. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1964. – 454 б.

Сүхбаатар О. Монгол хэлний харь үгийг тол. – Улаанбаатар: Адмон, 1997.

Тауасарұлы Қ. Түп-түқияннан өзіме шейін. – Алматы: Жалын, 1993. – 1086 б.

Тодаева Б.Х. Словарь языка ойратов Синьцзяна. – Элиста: Калмыцкое книжное издательство, 2001. – 493 с.

Төмөртоого Д. Монгол хэлний түүхэн авиазүйн үндэс. – Улаанбаатар: Соёмбо Принтинг, 2017. – 402 х.

Уәлиев Н. Қазақ-моңғол тілдеріне ортақ кейбір сөздердің мағына сәйкестігі // Қазақ ССР ҒА Хабарлары, Тіл-әдебиет сериясы. – №2 (6), 1975.

Цолоо Ж. БНМАУ Дахь Монгол хэлний нутгийн аялгууны толь бичиг. II. Ойрд аялгуу. – Улаанбаатар: Улсын Хэвлэлийн Газар, 1988. – 961 х.

Этимологический словарь монгольских языков (ЭСМЯ). Том I. / Ред. Санжеев Г.Д., Орловская М.Н., Шевернина З.В. – Москва: ИВ РАН, 2015. – 224 с.

Clauson, Sir Gerard. An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. – Oxford: Clarendon Press, 1972. – 988 p.

Janhunen, J. (Ed.). The Mongolic Languages (1st ed.). – UK: Routledge, 2003. – 464 p.

Poppe, N. Grammar of Written Mongolian. Second Printing. – Wiesbaden: Harrassowitz, 1964. – 195 p.

References

Abdirahmanov, A. (1975) Toponimika zhane jetimologija. Almaty: Gylym, 206 b. [Abdirakhmanov, A. (1975) The Toponyms and Etymology. Almaty: Gylym, 206 p.] (in Kazakh)

Alferaki, S. (1891) Kuldzha i Tjan-Shan. Putevye zametki. Sanktpeterburg: tipografija imperatorskoj akademii nauk, 193 s. [Alferaki, S. (1891) Kuldzha and Tien Shan. Travel notes. St. Petersburg: Printing house of the Imperial Academy of Sciences, 193 p.] (in Russian)

Bazylhan, B. (1984) Mongolsha-qazaqsha sozdik. Ulaanbaatar-Olgij: Mongol Halyq Respublikasy Gylym akademijasy Til zhane adebiet instituty, 887 b. [Bazylkhan, B. (1984) Mongolian-Kazakh dictionary. Ulaanbaatar-Olgij: Institute of language and literature of the Academy of Sciences of the Mongolian People's Republic, 887 p.] (in Mongolian and Kazakh)

Bijarov, B. (2002) Or Altajdyng zher-su attary. Almaty: Zhaniya-poligrafija, 180 b. [Biyarov, B. (2002) Toponyms of the Higher Altai. Almaty: Zhaniya-Poligraphy, 180 p.] (in Kazakh)

Clauson, Sir Gerard (1972) An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. Oxford: Clarendon Press, 988 p. (in English)

Coloo, Zh. (1988) BNMAU Dax Mongol helnii nutgiin aialguuny toli bichig. II. Oird aialguu. Ulaanbaatar: Ulsyn Hevlelijn Gazar, 961 h. [Tsolo, Zh. (1988) Dictionary of the local dialects of the Mongolian language in the People's Republic of Mongolia. II. Ulaanbaatar: National Publishing House, 961 p.] (in Mongolian)

Dadebaev, Zh. (2020) Taraz olkesi: tau men dala angyzday. Almaty: Dauir, 404 b. [Dadebayev, Zh. (2020) Taraz region: Legends of the mountains and steppes. Almaty: Dauir, 404 p.] (in Kazakh)

- Janhunen, J. (Ed.). The Mongolic Languages (1st ed.). UK: Routledge, 2003, 464 p. (in English)
- Jetimologicheskij slovar' mongol'skih jazykov (ESMJA) (2015) Tom I. Red. Sanzheev G.D., Orlovskaja M.N., Shevernina Z.V. Moskva: IV RAN, 224 s. [Etymological dictionary of the Mongolian languages. (2015) Volume I. Ed. Sanzheev G.D., Orlovskaya M.N., Shevernina Z.V. Moscow: IOS RAS, 224 p.] (in Russian)
- Kajmuldinova, K.D. (2010) Qazaqstannyng aridti ajmaqtarynyng toponimijasy. Almaty: «Te-Color» baspasy, 280 b. [Kaimuldinova, K.D. (2010) Toponyms of the arid regions of Kazakhstan. Almaty: «Te-Color» Publishing House, 280 p.] (in Kazakh)
- Kastane, I.A. (2007) Drevnosti Kirgizskoj stepi i Orenburgskogo kraja. Almaty: Dajk-Press, 511 s. [Castanie, I.A. (2007) Antiquities of the Kirghiz steppe and the Orenburg region. Almaty: Daik-Press, 511 p.] (in Russian)
- Konkashpaev, G.K. (1959) Geograficheskie nazvaniya mongol'skogo proishozhdeniya na territorii Kazakhstana. Izvestiya AN KazSSR Seriya filologii i iskusstvovedeniya. Vyp. 1(11). [Konkashpayev, G.K. (1959) Geographical names of Mongolian origin on the territory of Kazakhstan. Izvestia of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR Series of Philology and Art History. Issue 1(11).] (in Russian)
- Konkashpaev, G. (1962) Nekotorye maloponjatnye geograficheskie nazvaniya v Kazakhstane. Sb. «Voprosy geografii Kazakhstana». Vyp. 9, S. 242. [Konkashpayev, G. (1962) Some obscure geographical names in Kazakhstan. Collection. "Questions of geography of Kazakhstan". Issue 9. P. 242.] (in Russian)
- Mongol xelnii tailbar toli. (MHTT) (2021) 2b. Nemj zasvarlasan gurav dah hevlel. Ulaanbaatar, Monsudar hevleliin gazar. [MHTT. Dictionary of the Mongolian language. (2021) 2B. Revised third edition. Ulaanbaatar, Monsudar publishing house] (in Mongolian)
- Mongol xelnii tailbar toli. (MHTT) (2021) 1a. Nemjz zasvarlasan gurav dah hevlel. Ulaanbaatar: Monsudar hevleliin gazar. [Dictionary of the Mongolian language (2021) 1A. Revised third edition. Ulaanbaatar: Monsudar publishing house] (in Mongolian)
- Poppe, N. (1964) Grammar of Written Mongolian. Second Printing. Wiesbaden: Harrassowitz, 1964. 195 p. (in English)
- Qajdar, A. (2014) Gylymdagy gумыr. Qazaq tili jetimologijasynyng gylymi-teorijalyq negizderi. Almaty: Sardar, 256 b. [Qaidar, A. (2014) Life in the Science. Scientific and theoretical foundations of the kazakh etymology. Almaty: Sardar, 256 p.] (in Kazakh)
- Qashqari, M. (1998) Turik tilining sozdigi (Diwani lugat-it-turik). 3 tomdyq shygarmalar zhynagy. Almaty: HANT, 600 b. [Kashkari, M. (1998) Dictionary of the Turkic language (Diwani lugat-it-Turk). Collection of works in 3 volumes. Almaty: HANT, 600 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining qysqasha jetimologijalyq sozdigi (QTQES) (1966). Almaty: Gylym, 240 b. [The Short Etymological Dictionary of the Kazakh language (1966) Almaty: Gylym, 240 p.] (in Kazakh)
- Qazaqtynq kone tarihy (1994) (Dajyndagan M. Qani). Almaty: Zhalyln, 400 b. [Ancient history of the Kazakhs (1994) (prepared by M. Kani). Almaty: Zhalyln, 400 p.] (in Kazakh)
- Qojshybaev, Ye. (1985) Qazaqstannyng zher-su attary sozdigi. Almaty: Mektep, 256 b. [Koishybayev, E. (1985) Dictionary of toponyms of Kazakhstan. Almaty: Mektep, 256 p.] (in Kazakh)
- Sagidoldaqyzy, G. (2000) Turki (qazaq) zhane monggol halyqtarynyng tarihi-madeni bajlanystarynyng toponimijada bejnelenui. Almaty: Poligrafist, 254 b. [Sagidoldakyzy, G. (2000) Reflection of Turkic (Kazakh)-Mongolian historical-cultural connections in the toponyms. Almaty. Almaty: Polygrapher, 254 p.] (in Kazakh)
- Sejfullin, S. (1964) Shygarmalar, 6 tomdyq. VI tom. Qazaq adebieti. Almaty: Zhazushy, 454 b. [Seifullin, S. (1964) Works, 6 volumes. Volume VI. Kazakh literature. Almaty: Zhazushy, 454 p.] (in Kazakh)
- Suhbaatar, O. (1997) Mongol xelniix xari ugiin tol. Ulaanbaatar: Admon. [Suhbaatar, O. (1997) The Dictionary of Words of Foreign Origins in the Mongolian Language. Ulaanbaatar: Admon.] (in Mongolian)
- Tauasaruly, Q. (1993) Tup-tuqijannan ozime shejin. Almaty: Zhalyln, 1086 b. [Tauasaruly, Q. (1993) From my ancestors to my own. Almaty: Zhalyln, 1086 p.] (in Kazakh)
- Todaeva, B.H. (2001) Slovar' jazyka ojratorov Sinczjana. Jelista, Kalmyckoe knizhnoe izdatel'stvo, 493 s. [Todayeva, B.H. (2001) Dictionary of the Oirat language of Xinjiang. Elista, Kalmyk Book Publishing House, 493 p.] (in Russian)
- Tomortogoo, D. (2017) Mongol helnih tuuhen aviazuin undes. Ulaanbaatar: Sojombo Printing, 402 h. [Tömörtogoo, D. (2017) Historical phonetic roots of the Mongolian language. Ulaanbaatar: Soyombo Printing, 402 p.] (in Mongolian)
- Ualiev, N. (1975) Qazaq-mongol tilderine ortaқ кейбір создерding magyna sajkestigi. Qazaq SSR GA Habarlary, til-adebiet serijasy, №2(6). [Ualiyev, N. (1975) Correspondence of the meaning of some words common to the Kazakh-Mongolian languages. Messages of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, language and literature series, No. 2(6)] (in Kazakh)
- Valihanov, Ch.Ch. (1984) Sobranie sochinenij v pjati tomah. Tom 1. Alma-Ata: Glavnaja redakcija Kazahskoj sovetskoj jenciklopedii, 432 s. [Valikhanov, Ch.Ch. (1984) Collected works in five volumes. Volume 1. Alma-Ata: Main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 432 p.] (in Russian)
- Valihanov, Ch.Ch. (1985) Sobranie sochinenij v pjati tomah. Tom 5. Alma-Ata: Glavnaja redakcija Kazahskoj sovetskoj jenciklopedii, 528 s. [Valikhanov, Ch.Ch. (1985) Collected works in five volumes. Volume 5. Alma-Ata: Main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 528 p.] (in Russian)
- Zhanuzaq, T. (2005) Qazaqstan geografijalyq ataulary. Almaty oblysy. Almaty: Arys, 256 b. [Zhanuzak, T. (2005) Geographical names of Kazakhstan. Almaty region. Almaty: Arys, 256 p.] (in Kazakh)
- Zhartybaev, A.E. (2009) Ortalyq Qazaqstan ajmaqtyq toponimijasynyng ozekti maseleleri. Almaty: Kie, 240 b. [Zhartybayev, A.E. (2009) Problems of regional toponyms of the central Kazakhstan. Almaty: Kie, 240 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 22.12.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.

© Ауесхан Р., Сейтбатқал Ә.Б., 2026

